

АР-ДАК

ARDAK.KZ
АҚПАРАТТЫҚ ПОРТАЛЫ

Айрықша ақпараттарыңыз болса
«Ватсап» арқылы тәуліктің кез-келген
уақытында мына байланыс телефоны
арқылы жолдай аласыздар:
8 (778) 115-15-25
Эл.пошта: ardak.gazeta@mail.ru

№9 (891) 5 наурыз, 2021 жыл

Республикалық қоғамдық-саяси апталық газет

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: 65475



«МАСКА ТАҚПАҒАН»: ЖЕЛІДЕ ӨМІРЗАҚ ШӨКЕЕВТІҢ ФУТБОЛ ТАМАШАЛАП ОТЫРҒАН ФОТОСЫ ТАРАДЫ

Фотодан өңір басшысы Өмірзақ Шөкеевтен бөлек экс-шенеунік, «ҚазТрансГаз» директорының кеңесшісі Әділбек Жақсыбеков пен фотодан авторы Сәкен Қалқамановты байқауға болады.

Елімізде коронавирус пандемиясы әлі өршіп тұр. Бірақ соған қарамастан, карантин тәртібін бұзатындардың қарасы әлі көп. Ең сорақысы карантин тәртібін бұзатындардың ішінде тікелей пандемиялық ахуалға жауапты шенеуніктер де бой көрсетіп қалып жатыр. Бүгін Әлеуметтік желі бетінде Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевтің өрескел түрде карантин тәртібін бұзып отырған фотосы жарияланды. Нақты айтар болсақ, облыс әкімі Шөкеев мырза маска тақпастан футбол тамашалап отыр, деп хабарлайды Skifnews.kz ақпарат порталы.

Қызық болғанда, желіде қызу талқыланып жатқан бұл фото облыс әкімінің орынбасары Сәкен Қалқамановтың facebook парақшасында жарияланған.

Фотодан өңір басшысы Өмірзақ Шөкеевтен бөлек экс-шенеунік, «ҚазТрансГаз» директорының кеңесшісі Әділбек Жақсыбеков пен фотодан авторы Сәкен Қалқамановты байқауға болады.

авторы Сәкен Қалқамановты байқауға болады. Үшеуі де маскасыз. Бұл үшеуінен сәл әрірек тағы бірнеше адамның сұлбасы бар. Бір қызығы бұлардың барлығы да карантин талабын қатаң сақтап, маска тағып алған.

«На стадионе туркестан - арена матч Кайрат - Тобол, пока 0-1» делінген фотода.

Пандемия демекші, карантин тәртібін бұзған шенеуніктердің арасында Өскемен қаласының әкімі Жақсылық Омар бастаған бірнеше әкім бар. Бұқаралық ақпарат құралдарының жазуынша, өткен жылдың тамыз айында қала әкімдігінің қызметкерлері Абай өлеңдерін оқып, видеоэффета өткізген. Бұл мәдени шараға қала әкімі Жақсылық Омар мен орынбасары, бірқатар бөлім басшылары қатысқан. Бірақ олардың барлығы маска тақпай келген.

Нәтижесінде қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Қалқаман Сарин, қала әкімінің әлеуметтік сала бойынша орынбасары Эльдар Төлеубеков бастаған шенеуніктер 115 АЕК көлемінде айыппұл төледі.

Айтпақшы, жұрттың арасына маскасыз шыққаны үшін Қостанай қаласы әкімінің орын-

басары Рүстем Кәркеновтың да біраз дауға қалғаны бар.

Сол секілді, Алматы қаласының бұрынғы бас санитарлық дәрігері Айзат Молдағасымованың мәселесі де біраз шу болғаны белгілі. Оның коронавирус жұқтырған жолаушымен бір рейске мінгені анықталып, 14 күн карантинге оқшауланған. Оқшауланудан кейін ол жиналыстарға еркін қатысып, маскасыз жүргені үшін сынға ұшыраған.

Өткен жылдың күзінде Білім және ғылым министрі Асхат

Аймағамбетовтың да карантин талабын бұзғаны үшін жұрттың сөзіне қалған. Бір қызығы, бас мұғалім жұрттың бұл сынына әлі күнге дейін жауап қайтарған жоқ.

Әрине, карантин тәртібін шенеуніктердің барлығы да жай ғана айыппұл арқалап, ары кетсе ескерту алумен құтылғаны белгілі. Я болмаса отставкаға кеткен ешқайсысы жоқ.

Есесіне, қарапайым жұрт өңі түгіл түсіне де кірмеген сомада айыппұл арқалап тіптен қамауға алынып, қатаң жазаға тартылып жатыр.

Мәселен, жақында ғана Алматы қаласының мемлекеттік бас санитар дәрігері Жандарбек Бекшиннің бұйрығын бұзды деген айыппен (мекемеге адамды маскасыз кіргізгені үшін) бір кәсіпкерге 500 АЕК яғни 1 миллион 389 мың теңге көлемінде айыппұл салынды.

Расын айту керек, Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевтің бұл отырысы бұдан да үлкен заң бұзушылық болып есептеледі. Осыған байланысты Түркістан облысының бас санитар-дәрігері Нұрбек Нышанов қатаң шара қолданады деп сенеміз.

ДЕПУТАТТАР ХАЛЫҚТЫҢ АШУЫНА ТИГЕН ШЕНЕУНІКТЕРГЕ ШҮЙЛІКТІ

«Ақ жол» депутаттары қаржы министрінен мобилыды ақша аударымдарына салық салу мәселесін жан-жақты түсіндіріп беруді талап етті

«Ақ жол» фракциясының депутаттары қаржы министрінен мобилыды ақша аударымдарына салық салу мәселесі бойынша түсініктеме беруді талап етті, деп хабарлайды Sputnik Қазақстан тілшісі.

Депутат Мақсат Раманқұлов соңғы кезде үкіметтің кейбір ресми тұлғалары мобилыды ақша аударымдарына салық салынатыны туралы бірнеше рет айтқанын атап өтті. Олардың ішінде қаржы министрлігінің өкілдері де бар. Бір-біріне қайшы мәлідемелер қоғам ішінде түсініспеушілік туғызып отыр, деді ол.

«Бұл бастаманы кәсіпкерлердің кірісті жасыру әрекетімен күрес ретінде таныстырып жатады. Иә, кәсіпкерлер салық төлеуге міндетті. Алайда қаржылық бақылау органдары алаяқ кәсіпкерлерді анықтаудың орнына барлығына бірдей талап енгізуді көздейді. Бәрін бір шыбықпен айдамақшы ма? Оған қарапайым адамдардың аударымдары да кіріп кетеді ғой», - деді Раманқұлов мәжілістің жалпы отырысында.

Депутаттың ойынша, кәсіпкерге жасалған төлем мен ата-ананың студент балаға жіберген ақшалай көмегін айыру қиын. Себебі электронды бақылау жүйесінің енгізілгеніне біраз уақыт болса да, әлі күнге дейін салық салу жағынан оқшаулықтар бар. Адамдарға көлік пен баспананың салығын шатасып жіберіп жатады. Мәселен, 2019 жылы жеке тұлғаларға 700 миллион



теңгенің салығы негізсіз жазылып кеткен. Ал айыппұлдар мен өсімақықтардың көлемі 7 миллиард теңгеге жетті.

«Осы салада қатаң бақылау енгізіліп, банк карталары мен электронды әмияндар бұғатталып жатса, қаржы саласындағы цифрландыру шараларына сенім төмендейді. Бөлшек сауда электронды төлемдерден бас тартып, ұмаждалған қолма-қол ақшаға көшуге мәжбүр болады. Ал салық органдары, шынымен де, алаяқтарды ұстап, бюджетті толтырамыз десе, әділ еңбекпен күн көріп жатқандарды емес, жемқорларды ұстап, халықтан ұрланған ақшаны қайтарсын», - деп атап көрсетті Раманқұлов.

Осы орайда депутат мемлекет басшысының шағын және микробизнесіне салықтан босатқанын еске салды. Салықшылар болса, мобилыды ақша аударымдарына салық салу арқылы пандемиядан аман шыққан кәсіпкерлерді тұншықтырып тастамақшы. Одан қарапайым адамдар да зардап шегуі мүмкін.

«Ақ жол» фракциясының өкілдері қаржы министріне депутаттық сауал жолдап, мобилыды ақша аударымдарына салық салу мәселесін жан-жақты түсіндіріп беруді талап етті.

СОТТАЛҒАНДАРҒА 88,5 МЫҢ ТЕҢГЕ: ДЕПУТАТ БАЛА КҮТІМІ БОЙЫНША БЕРІЛЕТІН ЖӘРДЕМАҚЫНЫ КӨБЕЙТҮДІ ТАЛАП ЕТТІ

Қазақстан халық партиясының депутаттары бала күтімі бойынша берілетін жәрдемақыны көбейтуді талап етті. Бүгінде түрмедегі қылмыскерді ұстауға кететін шығын одан бес есе артық болып тұр деп хабарлайды Sputnik Қазақстан.

«Әйел адам декретке шығып, 1-3 жылдай баланы күтеді. Ондайда көп жағдайда жұмыс істеуге мүмкіндік жоқ. Баланы үш жасқа дейін бағу қажет деген кеңестер де бар. Сол кезде ата-аналар біраз шығын шығарады. Иә, толық от-бабыда әкесі жұмыс істеп, табыс табады. Ал толық емес отбасыда жағдай басқаша, проблемасы көбейеді», - деді депутат Айжан Ысқақова мәжілістің жалпы отырысында.

Осы орайда депутат бала күтіміне арналған жәрдемақы мен түрмедегі бір қылмыскерге кететін шығынды салыстырды. Заң бойынша жұмыс істемейтін әйелдерге бірінші баласы үшін ай сайын 16 801 теңге, екінші баласы үшін 25 962 теңге төленеді. Ал бір сотталған адамды түрмеде ұстауға бюджеттен ай сайын, шамамен, 88,5 мың теңге бөлініп тұрады.

«Сонда бес есеге артық болып тұр. Түзеу мекемесінде отырған қылмыскерді күзетпен, тамақпен,

киім-кешек және дәрі-дәрмекпен де қамтамасыз етеді. Мемлекет үшін кім қымбат? Дәрігер, мұғалім мен ғалым болатын бала ма? Әлде, түрмеде отырған ұры, жәбірлеуші немесе пара алған шенеунік пе?», - деп атап көрсетті Ысқақова.

Депутат бала тууына байланысты берілетін әлеуметтік төлемдердің мерзіміне де тоқталды. Бүгінде бала күтімі бойынша тағайындалатын төлемдер бір жасқа дейін төленеді. Ал жүктілік пен бала тууға қатысты әлеуметтік төлемдер тек жұмыс істейтін әйелдерге ғана беріледі.

«Жаңа туған сәбидің шығыны аз емес. Біршама уақыттан кейін бесік арба мен керулет алу қажет. Басқа да қажетті заттар бар. Ал төртінші айдан бастап тамаққа баса назар аударылады, сан алуан азық-түлік өнімдерін сатып алу қажет», - дейді Ысқақова.

Осыған байланысты фракция депутаттары бала күтіміне байланысты жәрдемақыны ең төменгі күнкөріс деңгейіне (34 302 теңге - ред.) дейін көтеруді ұсынды. Ал ақилы декреттік демалысты екі жылға дейін арттыру қажет деп санайды. Одан ары қарай баланы балабақшаға беруге болады. Фракция мүшелері депутаттық сауалды үкімет басшысының орынбасары Ерлан Тоғжановқа жолдады.

ЭКС-БАНКИР ЖОМАРТ ЕРТАЕВҚА ҚАТЫСТЫ ТАҒЫ БІР СОТ ҮКІМІ ШЫҚТЫ

Алматы қаласы Алматы аудандық сотының үкімімен экс-банкир Жомарт Ертаев аса ірі мөлшерде алаяқтық жасағаны және жалған құжаттар дайындағаны үшін кінәлі деп танылып, тоғыз жылға бас бостандығынан айырылды және 10 жылға материалдық жауап артылатын қызметпен айналысу құқынан айырылды. Экс-банкир жазасын орташа қауіпсіздік колониясында өтейді.

Сондай-ақ, осы қылмыстық іс бойынша тағы бес адам сотталды. Кәсіпкер Нұрлан Тілеубаев аса ірі көлемдегі алаяқтық пен жалған құжаттар жасауда кінәлі деп танылып, 9 жылға бас бостандығынан айырылды. Басқа айыпталушылар Әлімжан Тілеубаев пен Серік Атабай 5 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылды. Ақан Сұлтанов мерзімнің аяқталуына бай-

ланысты жазадан босатылса, Оксана Шестакова 5 жылға бас бостандығынан айырылды.

Сот жаза тағайындау кезінде кінәні жеңілдеткен бірнеше факторды ескерген. Олар: бірінші соттылығы, кінәні мойындау, жасаған ісіне шын жүректен өкінуі, сотталушылардың қылмысын ашуға белсенді көмегі, басқа да сыбайластарын әшкерелеуге ықпал етуі, Ертаевтың, Сұлтанов пен Әлімжан Тілеубаевтың көмелетке толмаған балаларының болуы, сондай-ақ Шестакованың жүктілігі.

Еске сала кетейік, 2020 жылдың 28 қыркүйегінде Жомарт Ертаев Алматы қаласы Алматы аудандық сотында соңғы сөзін айтты. Екі жылдан астам уақыт қамауда болған экс-банкир бұрын қой баққанын, барахолкада сауда жасағанын айтты. Өмір тарихын баяндаған Ертаев жасаған ісіне өкінетінін,



алайда мақтанышпен айта алатын алатын сәттері де көп екенін жеткізді.

Bank RBK-дан 144 миллиард теңге жымқыруға қатысты тергеу 2017 жылы басталып, Жомарт Ертаев 2018 жылдың 8 мамырында қамауға алынды. Тергеу дерегіне, ақша жымқыру 6 жылға жалғасқан. Жымқыруға қатысы бар 36 банкирдің үстінен жүріп жатқан қылмыстық іс 700 томнан тұрады.



ӘКІМДІКТЕР БЕРГЕН ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРГЕ МҰҚИЯТ ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУ КЕРЕК

«Ақ жол» партиясы әкімдіктер берген әлеуметтік тұрғын үйлерге мұқият тексеру жүргізуді талап етеді. Бұл туралы бүгін фракция депутаты Ерлік Өмірғали депутаттық сауалында мәлімдеді, деп хабарлайды «Адырна» тілшісі партияның баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

ҚР Премьер-Министрі

А.Ұ.МАМИНГЕ

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына жолдауында азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты, ең алдымен, тұрғын үй мәселесімен тығыз байланысты екенін атап өтті. Табысы тұрғын үй мәселелерін өз бетінше шешу үшін жеткіліксіз азаматтарға тиімді әлеуметтік қолдау көрсетілетін болады. Кезекте тұрғандардың тұрғын үй проблемаларын неғұрлым жедел шешу қажет.

Халықтың әлеуметтік осал топтарын, көп балалы отбасыларды, мемлекеттік қызметкерлерді және басқа да санаттағы азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі бірнеше бағыт бойынша тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеп, бекітті.

Алайда, біз көріп отырғанымыздай, шенеуніктер өздерінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалана отырып, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша тұрғын үй алуға «өз адамдарын» заңсыз кезекке қояды. Сондай-ақ жалға берілетін тұрғын үйге мұқтаж емес адамдарға басымдық бере отырып, мемлекеттік тұрғын үйді бөледі. Осындай іс-әрекеттердің нәтижесінде үш мыңнан астам азамат мұқтаж адамдар тізіміне енгізілді, осылайша мүдделер, көпбалалы отбасылар және жұмыс істейтін жастар сияқты шынымен мұқтаж адамдардың құқықтарына нұқсан келтірді.

Мәселен, соңғы үш жылдың ішінде «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының өңірлерінде шенеуніктердің тұрғын үйді заңсыз берген 400-ден астам факті анықталды, атап айтқанда Қарағанды (128), Маңғыстау (53), Батыс Қазақстан (38), Түркістан (35), Павлодар (30) облыстарында, Алматы қаласында (23), Шығыс Қазақстан (21), Жамбыл (14), Ақмола (11), Солтүстік (2), Қостанай облыстарында (11), Шымкент (11), Нұр-Сұлтан (1), Алматы (15) қалаларында.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 71-бабының 5-тармағына сәйкес аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының тізімдеріне, оның ішінде мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге

мұқтаж азаматтарды есепке қоюдың және кезектіліктің электрондық базасын пайдалана отырып, жыл сайын түгендеу жүргізіледі.

Алайда, қалалар мен облыстардың әкімдіктері Заңның бұл талабын орындамайды, үйге мұқтаж 13 000-нан астам азамат әлі күнге тізімде тұр: Шығыс Қазақстан — 4091, Қарағанды — 2540, Батыс Қазақстан — 1781, Маңғыстау — 1606, Павлодар — 1294, Нұр-Сұлтан қаласы — 351, Қызылорда — 348, Алматы қаласы — 254, Ақмола — 244, Солтүстік Қазақстан-64, Қостанай — 51, Алматы — 18, Шымкент қаласы — 7.

Сондай-ақ, 13 өңірдің әкімдіктері Заңның 74-бабының ережелерінде белгіленген тұрғын үй беру кезектілігін, оның ішінде жетім балаларға тұрғын үй беру санының нормативі бойынша бұзушылықтарға жол берді.

Нәтижесінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан 2320 адамның, оның ішінде 1206 жетім баланың (Алматы — 766, Алматы қ. — 619, Нұр-Сұлтан қ. — 314, Қостанай — 223, Шымкент қ. — 156, Батыс Қазақстан — 136, Ақмола — 34, Жамбыл — 19, Түркістан — 18, Солтүстік Қазақстан — 15, Қарағанды — 11, Қызылорда-5, Атырау — 4) тұрғын үй алу құқығына өрескел нұқсан келтірілген.

Тұрғын үй қатынастары саласындағы келтірілген жаппай бұзушылықтар тек анықталған фактілер ғана, ал Қазақстан Республикасында мұндай анықталмаған қанша факт бар екенін тек елестетеі аламыз.

«Ақ жол» партиясының сайлауалды бағдарламасында әлеуметтік тұрғын үйді әділ бөлу мәселесі көрініс тапқанын атап өткіміз келеді. Өйткені фракцияға тұрақты негізде азаматтардан тұрғын үйді әділетсіз бөлуге, сондай-ақ тұрғын үй алуға кезектіліктің ақырын келуі бойынша шағымдар келіп түсуде.

Осыған байланысты мүдделі мемлекеттік органдар тарапынан осындай фактілерге жол бермеу үшін мынадай шаралар қабылдау қажет деп санаймыз:

- осындай фактілерді анықтау үшін соңғы 5 жылда жергілікті атқарушы органдар берген әлеуметтік тұрғын үйге мұқият тексеру жүргізу, заңсыз берілгені анықталған жағдайда тұрғын үйге шынымен мұқтаж азаматтарға тұрғын үйді беру бойынша шұғыл шаралар қабылдау;

- мемлекеттік бағдарлама бойынша тұрғын үй алу үшін кезекке заңсыз тұру фактілерін анықтау бойынша тексеру жүргізу, бұзушылықтар анықталған жағдайда мұндай тұлғаларды алып тастау бойынша шаралар қабылдау.

Сондай-ақ, тұрғын үй саясатын жергілікті атқарушы органдардан «Отбасы банкке» беру туралы шешімді «Ақ жол» депутаттық фракциясы толық қолдайтынын және құптауынын атап өткіміз келеді.

Құрметпен,

«Ақ жол» фракциясының депутаттары

ӘКІМДЕР 2024 ЖЫЛДАН БАСТАП САЙЛАНАДЫ

2024 жылдан бастап аудан әкімдерін сайлау жүйесі енгізіледі. Бұл туралы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бесінші отырысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мәлім етті.

«Келесі маңызды қадам – аудан әкімдерінің тікелей сайлауы. Мен бұл сайлауды 2024 жылы өткізу керек деп санаймын. Осы бастама елімізді демократияландыруға және жергілікті басқару институтын нығайтуға елеулі үлес қосады деп сенемін. Түптеп келгенде, аудандарда сайлау өткізу – халық билігін ортанудың айқын көрінісі болмақ. Сондықтан құзырлы мемлекеттік органдарға қажетті дайындық жұмыстарын жүргізуді тапсырамын», — деді Мемлекет басшысы.

Айта кетейік, бүгін Ұлттық кеңестің бесінші отырысы өтті. Жаңартылған Мәжіліс құрамында Ұлттық кеңестің 9 мүшесі бар. Өткен жылы 22 қазанда ҚР



Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысы, ал 2019 жылы 6 қыркүйекте алғашқы отырысы болды.



Денсаулық сақтау министрлігінің онлайн түрде кеңейтілген алқа отырысында медициналық сақтандыру аясында қорғалмаған тұрғындардың қай облыста көп екені айтылды.

«МӘМС (міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру) жүйесіне 16 млн қазақстандық енгізілген, бұл халықтың 84 пайызы. Қалған 3 млн-нан астам адам МӘМС жүйесінде жоқ. Оның ішінде 1,6 млн адам тұрақты медициналық жарна төлемегендіктен және 1,4 млн адам ешқандай жарналық төлем жасамаған. МӘМС жүйесін енгізу жұмыстарына қатысты Қостанай,

3 МЛН-НАН АСА ҚАЗАҚСТАНДЫҚТА МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖОҚ

Елімізде 3 млн-нан астам адам міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында қорғалмаған болып шықты. Бірнеше облыстың әкімдіктеріне ескерту жасалды.

Әлеуметтік -медициналық сақтандыру қорының басқарма төрағасы Болат Төкежанов елордада өткен жиында халықтың емделу мәселесіне алаңдады.

Алматы, Түркістан, Жамбыл облысы және Алматы қаласы әкімдіктері ерекше мән бергені абзал. Аталған аймақтар халқының медициналық сақтандыру санаты 80 пайыздан аспайды», — деді Болат Төкежанов.

arasha.kz

ХАЛЫҚҚА 10-25 СОТЫҚ ЖЕР ТЕЛІМДЕРІ ТЕГІН БЕРІЛЕТІН БОЛДЫ

«Сонымен қатар, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге жазық даладан жер телімін алуға болады», — деп толықтырды комитет өкілі.

Қазақстандықтар жеке тұрғын үй құрылысын салуға арналған 10 сотық жерден бөлек, учаскелер алуға құқылы. 25 сотық жер жеке қосалқы шаруашылыққа және 12-сі бау-бақша өсіруге арналады. Бұл туралы Жер кодексінің 50-бабында айтылған. Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті заңды түсіндірді, деп хабарлады paryz.kz, baigaq.kz-ке сілтеме жасап.

Жер учаскелері кодекстің 50-бабына сәйкес, азаматтарға жекеменшікке ақысыз беріледі делінген. Атап айтқанда, жеке қосалқы шаруашылық үшін (үй және егістік алқаптарын қоса алғанда) ауылдық жерлерде — 0,25 гектар суарылмайтын және 0,15 гектар суармалы жерлер; жеке тұрғын үй құрылысына — 0,10 гектар; көгалдандыру, саяжай құрылысына — 0,12 гектар жер берілімек.

«Үй маңындағы жер телімі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және



құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес тұрғын үй, шаруашылық-тұрмыстық құрылыстар салуға пайдаланылады. Сонымен қатар, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге жазық даладан жер телімін алуға болады», — деп толықтырды комитет өкілі.

Жер учаскелерін алу үшін жерге құқық беру туралы өтініш жазып өткізу керек. «Жеке қосалқы шаруашылық жүргізу мақсатына жер учаскелерін жекеменшікке тегін беру тек жер игерілгеннен кейін жүзеге асады. Уақытша жерді игеру кезеңіне кодекстің 92-бабына сәйкес шарттар мен мерзімдер белгіленіп беріледі», — деді комитет өкілі.



ТҮРКІСТАН СЕЙТМЕТОВТІ НЕГЕ ҰМЫТТЫ?

ЕР ЕСІМІ ЖАҢҒЫРСЫН

Түрік халқының рухани астанасы Түркістаннан әлеуметтік желіде қаланың зиялы қауымының пікірі желідей есуде. Олардың айтуынша облыс орталығы аталып, құрылысы дамып өсіп өркендеу үстіндегі киелі қаланың жаңадан салынып жатқан театр ғимаратына Р.Сейтметов атындағы сазды-драма театрын көшіреміз деген уәдесінен әкімшілік айнып, Алматыдан артистер шақырып, басқа театр құруды көздегенін есітіп сенер-сенбесімді білмедім.

Апыр-ай, әсем қала Алматыдан ат арылтып келіп, туған жеріне театрдың қазығын қаққан, ыстық-суығына төзіп арша еті борша болып, еңбегінің рәтін көріп демалатын есейген шағында жанкештілік танытқан ардақты азаматымыздың театрын қалайша шет қақпай етеміз?! Әзірет Сұлтанның киесін сыйлап өскен қазақ баласы, әруақтан аттап өтуге қалай барады деп қатты қапаландым. Мүмкін бұл әлдебіреулердің түсінбеушілігінен туындаған мәселе шығар. Ылайым солай болғай.

1994-2008 жылдар аралығында қазақтың рухани астанасы Түркістанда Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінде студенттерге қазақ әдебиеті пәнінен дәріс бердім. Сол кездегі көрген-білген, ойға түйгендерімді жинақтап бір кітап жазып шыққан едім. «Әттең тонның келтесі» дегендей әлі күнге жарыққа шықпай сарғайған кітаптан университеттен алғаш рет өнер бөлімін ашқан, болашақ театрдың негізін қалаған өнер тарланы Райымбек Сейтметов туралы естелігімді көпшілікке ұсынып отырмын. Мұндағы ойым киелі Түркістанның қайта түлеп өркендеуіне үлес қосқан Райымбек ағаның өзін көрген өнегесін үлгі ету, ізгілікті ісін Абайша айтқанда:

«Білімдіден аяман сөздің майын,
Алты өлеңмен білдірдім әннің жайын».

Ездің басы қаңғырсын, ердің көңілі
Жаңғырсын деп ойлады айтқан сайын.

Көкірегінде оты бар ойлы адамға
Бұл сезімнің суреті тұрар дайын»,
деп сөз аямай, сезім арқылы дәлелдеу.

Қаратаудан қанат қаққан қырандар
Жақында жас қала, әсем қала Кентаудан түлеп ұшқан талантты композитор Сейдолла Бәйтерекөвті еске алуға арналған «Әлия» халықаралық ән фестивалі болып өтті. Мынандай қиын заманда бір ауыз жылы сөзге зар болған халық әнге сусындап желпініп қалғандай. Қиналған шағында Қаратаудың қасиетті қара тастарында секіріп ойнап, нәрін бойына торлап

өскен қара домалақ баласының өзі өмірден кетсе де, өнерінің аспанда қалықтап, әрбір жанның көкірегін күмбірлетіп, күйкі тірліктен күйзеліп, үміті өше бастағанда күнгірт дүниенің бұлтын сырып тастап, жарық дүниенің жарқылын танытып, қайта құлшынысқа бастайтын әннің құдіреті-ай!

Енді міне, тағы да Кентау қаласының кең сарайы бірнеше күн бойы халыққа ықпалы толған. Қалада төрт жыл білім алған Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық университетінің өнер бөлімінің анығырақ айтсақ, іргесін көтермекші Райымбек Сейтметов театр студиясының алғашқы түлектері өнер өрісіне ұшып шықпақшы.

Сахна төрінде өнерлі жастар сынақ тапсыру үстінде. Дипломдық жұмыстары – Мұхтар Әуезовтің «Қарагөз» трагедиясы мен түрік жазушысы Бахтияр Вахалзадениң «Елді арандатқан қылыш (көктүріктер)» драмасы.

Таңданарлығы өрімдей балғындарды баулыған ұстаздар ұжымының ұйымдастырушысы, бас бапкері мен олардың оқу мен еңбектерінің нәтижесін бағалайтын бас төреші де, осы қала мектебінің түлектері, қазақ өнерінің тарландары, Қаратау қырандары – Райымбек Сейтметов пен Асанәлі Әшімов. Иә, мұрттары тебіндегенше тел қозыдай қатар өскен бұлар мектеп сахнасында талай-талай ойын қойған кезде, осы жерде үлкен киелі өнерге өздеріндей жастарды өнерге баулимыз, бата беріп шығарып саламыз деп он ұйықтаса да ойларына келмеген болар.

Өнерлерін көрсетіп, жүректері алып ұшып тұрған түлектері мен олардың ұстазы Р.Сейтметов сахнаға А.Әшімовті шақырғанда, орнынан өре түрегелген көрерменнің ду қол шапалағы, ысқырығы, шаттануын көрсеніз толқымаған жан қалмағандай. Қорытынды сөз айтқан Асанәлі Әшімов те толқып тұрып: «Райымбектің қолын алғаным, оны күнде көріп жүрмін ғой, бүкіл халқымның қолын алғаным, сәлем бергенім. Бұл өзі бір тарихи күн болды ғой. Бүгін бе, бір жылдан кейін бе, әлде он жылдан кейін бе, әйтеуір осындай өнерлі жастар тұрғанда театр ашылатынына еш күмәнім жоқ», – деді.

Қазақ елі тәуелсіздігін алғаннан кейінгі тұңғыш халықаралық статус алған жоғарғы оқу орны – Қожа Ахмет Яссауи атындағы Қазақ-Түрік Университеті. Өзі тұңғыш отау болғандықтан мұнда келушілер, көкейінде тұңғыш бастамашы болып тұрары анық, әрі бұл орынды талпыныс. Дегенмен, Түркістанның аптап ыстығына күйіп, тынымсыз

соққан желіне шашын желпілдетіп, университет президенті Мұрат Жұрыновтың қабылдауына қайта-қайта Р.Сейтметовтің кіріп-шығып жүргенін, үлкен әңгіменің басталғанын сезгенімізбен, университеттен өнер бөлімі ашылады дегенге тосырқай қарап, «Әй, бір қайнауы ішінде қалар» дегенбіз.

Алғашқының қиыны шахтасы мен өндірісі тұралаған қалада жарық болмай, жылу берілмей қысылған қыс айында өнер бөлімі босап қалған балабақшаның жайына орналасты. Көзімен көріп, көкірегіне тую бақытына ие болу маған тиіп, Түркістаннан оларға қазақ әдебиетінен дәріс беруге жіберілдім.

Кентауға дәріс беру үшін аптасына бір рет келіп, таңертеңнен кешке дейін боламын. Сондықтан бір күн бұрын келіп бөлем Рахияның үйіне келіп қонамын. Кеңестік кезеңде салынған бес қабатты үйдің үшінші қабатында төрт бөлмелі үйде тұрады. Рахия

мен жолдасы Сұлтанхан күліп қарсы алып, барлық жағдайды жасағысы келеді-ақ, бірақ не электр, не ыстық су, не жылуы жоқ. Түннің бір уақытына дейін электр жарығын күтеді. Әйтеуір газ баллоны бар, тамаққа тоқпыз. Рахия тыныш жатпайды, әзілқой, сөзге жүйрік, көкірегі ояу, сауатты Сұлтанхан екеуі сөзімен де, көңілімен бала – шағасын да, мені де жылытады. Ең қызығы жатарда асты – үстіме түсіп, қабат – қабат көрпе төсейді, көрпе жабады. Тас бүркеніп жатпасаң, суық қарып өтеді. Адам көңілінің жылылығы қандай суықты болмасын женеңі екен.

Рекеңнің кабинетінен бастап, зал, бөлменің бәрінде де дәріс жүріп жатады. Арнайы соғылмаған соң көретінін сол, мына жағынан күтпеген жерден дауыс салады, денең шымырлайды, мына жағынан көңілді ән шырқалады, шабыттанасың, одан қалса еденді тепкілеген бидің дүрсілі, тыпырлайсың. Бәріне шыдайсың, себебі, тынымсыз еңбекқорлардың жүрек дүрсілі деп ұғасың. Отыратын парта да жетіспейді, терезе ернеуі мен жылу батереясын қаптаған сыртына отыра салады. Ол отырыс оңсыз да тынымсыз шәкірттердің өздеріне ынғайлы-ақ, сыбырласады, сықылықтайды, бірін-бірі түртеді, оларға да, саған да тыным жоқ, көнесің, көнбеске шараң жоқ, дәріс беру міндетін, беріп қана қоймай, ертең оның қарымтасы боламын дегенді жеткізесің. Осындай да, Рекеңе (Райымбек Сейтметовке) ренжисің, әрі таңырқайсың, жасы келгенде жылы орнын суытып Алматыдай ару қаладан келгеніне, құмырсқадай еңбекқорлығына, терлеп-тепшіп дәріс береді, қолы қалт етсе, Кентау мен Түркістан арасын шаңғытып жүргеніне қызығасың. Жетіспейді, бәрі керек-ақ, ойындағың қайдан болсын неткен шыдамдылық!

Үлкен сенім бар жерде, тау қопарар күш-қайрат пайда болатын сияқты. Енді бәрі артта қалды, алғашқы түлектер ойдағыдай бітірейін деп тұр, көк күмбезі көкпен таласқан Әзірет Сұлтан кесенесі бар қасиетті Түркістаннан бұрынғы «Достық» кинотеатрын қайта жөндеп, бейімдеген мәдениет сарайы қол бұлғап шақырып тұрған еді.

Біздіңше, Р.Сейтметовтің алғашқы дипломдық жұмысқа классик Мұхтар Әуезовтің «Қарагөз» трагедиясын қоюы шәкірттеріне өнердің тұнық, мөлдір туындысының дәмін таттыру, олардың өмір бойы жалтылдақ жасандыдан аулақ болып, нағыз табиғи таза дүниені ажырата біліп жүрсін деген ойдан туған ба деп қаласың.

Ал, екіншісіне Бахтияр Вахалзадениң «Елді арандатқан қылыш

(көктүріктері)» драмасын қоюы, ата-бабаларымыздан бастап Мұстафа Шоқай мен Ататүріктер аңсаған түрік бірлігіне қол жеткізу идеясын бүгінгі өнер тілімен жеткізу болса керек. Қойылымда елді арандатқан қылыш – көктүріктер – заманымыздың 630 жылы, Қытайды жеңіліске ұшыратқан Көк түрік қағанатының ұлт-азаттық күресін суреттейді.

Біз, түрік қағанатын қалай да ыдыратуға күш салған қытай империясының зымыян саясатын Ичкен хатын (Қарлыға Сейтметова) бейнесінен толық көреміз. Тікелей соғысып ала алмайтынын білген әккі қытай императоры жауының қойнына қызын салып, оның жауының күні-түні іс-әрекетін қалт етпей бағып, кемшілік-жетістігін бүге-шігесін қалдырмай жеткізіп тұруға айлакер де қатігез етіп тәрбиеленген қызының бейнесін көргенде тісінді шықырлатып кіжінесің, алдырмайтын әккілігіне

қайран қаласың. Императордың арам ойын іске асыру үшін әпкесіне көмекке келген Ян-Чун (Нұржан Төлендиев) сатқын міз бақпайтын алдамшы арамза бейнесінде есте қалды.

Тәкқұмар Қара қаған (Марат Оразымбетов), алдауға түскен ағайындылар күресі Күр-Шад (Мұрат Құрманбеков) пен Толы Хан (Айдар Наурызбаев), батырлардың жары да, жанашыры да бола білетін әйелдер бейнесі – Селжан (Айсұлу Лесова), Бану Шешек (Жанар Жүнісова) арадағы арамза жеңгетай Сиан-Шы (Салтанат Жүнісова) байлыққа сатылмайтын, айбарлы батыр, дүние құған, болбыр батыр, ақылшы серік айбынды батырлар тобын – Баға-Тархан (Қанат Садықбеков), Салырман (Нұржан Әбдіқұлов), Арслан (Ержан Исатаев), Еркін (Ерлан Қалдарбеков) және қытай офицерін (Ержан Нұрымбетов) жас өрендер өз деңгейінде ойнап шықты.

Қарт Қаратаудың қойнауынан тағы да бір өнерлілер легі қанат қаққанына осылайша куә болдық, соларға тамшыдай болса нәр беріп, дәріс бергенімізге іштей масаттандық. Ұстаздың алатын ең басты сыйлығы – шәкіртінің сүрінбей қадам басқаны шындарға көз тіккені.

Р. Сейтметов баптаған өнерлі жастар дипломдық жұмысқа дейін С. Балғабаевтың «Ең әдемі келіншегі» сахнаға шығарып, Түркістан, Кентау халқының ыстық ықыласына ие болып, одан әрі Түркиядан қоғам қайраткері, қазақ елінің жанашыры Кемел Зейбек пен университет әкімшілігі көмегімен қандас Түркия елінде де өнер көрсетті. Қойылымды қазақша да, түрікше де түбірі бір қос тілде сөйлету-туысқандықты мәдени байланысты дамытудың бірден-бір тиімді жолы. Өрісін кеңейтер құлшыныс!

Өздерін сүйсінткен олардың өнеріне Түрік елінің басшылары тікелей көмек көрсетеміз, сондықтан басқа да түркі тектес халықтар мекендейтін елдерде, мысалы, Алманияға барындар деп шынайы ниеттерін білдіріп отыр. Сондықтан қалған қойылымдарды да түрік тілінде де дайындап Р.Сейтметов пен оның өнерлі шәкірттері өздерінің өнер салаларының көкжиегін кеңейтуге әзір екендерін байқағты.

Қанаттарың талмай, алысқа самғандар.

(Түркістан-Кентау, маусым 1999 жыл)

Жабал ШОЙЫНБЕТ,
Абай атындағы ҚазҰПУ
«Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу
орталығының
директоры
Abai.kz



таң қалып отырмын. Бізде мұрағаттарды қарасаң, том-том кітаптар Ленинге арналған. Күн-көсем туралы атақты ақындардың барлығы жырлады. Тіпті халық ақындары, Арқадағы Шашубай, батыстағы Нұрпейіс, Кенендердің бәрі де идеологиядан тыс қала қойған жоқ.

Жамбыл атамыз – Қазан төңкерісіне дейін Жетісуға ғана емес, бүкіл қазақ еліне, қырғыз еліне танылып қойған ақын. Әдебиетіміздегі мүйізі қарағайдай академиктердің арасында да ол туралы жазбағаны жоқ. Әдебиеттен сәл хабары бар адам Жабаевтың жырын жаттады десек, артық айтқандық емес. Жамбыл туралы көреғар жазатындар, қайбір топтардың мүддесін қолдап, әдейі жаңсақ деректер тарататын сыңайлы. Әйтпесе Жамбылды құстаналауға еш ілік жоқ. Мәселен, Жамбылдың 1881 жылы Құлмамбетпен

сөздің мағынасын онша түсінбеген де шығармын, қазір ойлап қарасам, Олжас кітабының үлкен жарылыс тудыратынын алдын ала сезіп, ескергендіктен «благономерный» деп жазған шығар. Жамбыл мен Қарасайды тақырып еткен мақаладан ешбір терең ғылыми білімдерлікті көре алмадық, дәлел таба алмадық. Жамбылға, Қарасайға жаңағы Олжас айтқан «благономерный» көзқарастың жоқтығы анық сезіліп отыр. Жамбылға тағылған негізгі екі айыптың бірі оның жырларын хатшылар, аудармашылар жазған дейді. Екінші айыптың түрі мынау: «Жабаев сталиншіл болған». «Қисыны солай-ау» деп, адамдар от басы, ошақ қасында отырып Жамбыл «сталиншіл» деген әңгімені жиі айтуы мүмкін. Бірақ ойлану керек қой. Ана жылы «ОРТ» телебағдарламасында орыстың атақты режиссері Никита Михалковпен

ақындардың өлеңдері, тіпті көлемі жағынан да Жамбылдың Сталин тақырыбындағы жырларынан асып түседі. Жалпы, XX ғасырдың 50-жылдары кітабын шығарған жазба ақындардың шығармаларын саралаған кезде олардың 60-70% Сталинді дәріптеу болғаны анық байқалады. Орыс әдебиетінде де солай болған. Арнайы түрде алғашқы кітабы сол кезде шыққан ақындардың кітабында әр 5-6 өлеңнің 3-4-інде Сталин дәріптеледі, поэмада да солай. Осыған қарап қазақтың мықты ақындарын «сталиншіл» деуге болмайды ғой. Ескерерлігі, Сталин өлгеннен соң көзі тірі ақындар кейінгі жинақтарына әлгі «табынушы» өлеңдерді енгізген жоқ. Міне, олардың Жамбылдан айырмашылығы осында болды. Қай бір жылы Ғабиден Құлахметтің «Жамбыл сталинист пе?» деген мақаласын оқыдым, сонда көп нәрсенің

ЖАМБЫЛҒА НЕГЕ ЖАЛА ЖАБАМЫЗ?

Атын атауға қорқатын жұқпалы дерт тағы бір досымды алқымнан алып, тынысын тарылтып, есін жидырмай қайтпас сапарға аттандырып жіберді. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөлімінің менгерушісі Токтар Әлібеков қазақтың ауыз әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан әдебиетші — ғалым еді.

Өмірден өткеніне аз ғана уақыт болған досым Рафат Әбдіқұлов екеуі інемең құдық қазғандай ғылымдық жолдың «қара жұмысшысы» еді. Ғылымда да әділетсіздік көп-ғой, бұл екеуі мандай тері ағыл-тегіл тамшылап, күн демей, түн демей жұмыс істейтін, бір қызығы олар жасаған еңбектің мақтауын көбінесе басшылық жасаған пысықтар естіп малданса, бұлар мақтау дәмпейтін, істеген істерінің нәтижесінен нәр алып, қарапайымдылығынан танбайтын мейрімді жандар. Токтар бүкіл қазақ әдебиетінің асыл қазынасы жауһар жырлардың жүз томығын құрастырушылардың негізгі маманының бірі болса, Рафат классик жазушы, шынайы академик Мұхтар Әуезовтың елу томдығын құрастырушылардың негізгі маманының бірі еді. Осы екеуінен он төрт жыл бұрын жыр алыбы Жамбыл атамызға жала жапқандарға қарсы мақала ұйымдастырып, сұхбаттасқан едім. Сол мақаланы бүгін көпшілікке ұсынып отырмын. Бұл мақала әлі күнге дейін мән-маңызын жойған жоқ деп білемін. Әрі әртүрлі пікір қайшылығында жүрген жастарға Токтар мен Рафаттың ауыз әдебиеті мен Жамбыл мұрасын ұзақ жыл зерттеп барып айтқан ой-пікірлері дұрыс бағыт беріп, ой өрістерін кеңейтуге ықпал етеді деп үміттенемін.

Жамбылға неге жала жабамыз?
Орыстiлдi «Свобода слова» газетiнiң бетiнде кейiнгi кезде оқтын-оқтын қазақ ұлттың iрi тұлғаларының қоғамдағы беделiн төмендетуге бағыт алған орынды-орынсыз, ғылыми негiзсiз мақалалар жариялануда. Бұл мәселе менi де ойға қалдырды. Алғашқыда жеке пiкiрiмдi бiлдiрiп, мақала жазғым келдi. Бiрақ өзiммен қызметтес, ауыз әдебиетiн, Жамбылды зерттеп жүрген достарыма сұрағымды қойып, солардың пiкiрiн бергендi жөн санадым. Менiң сұрағымға байланысты М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкерi Токтар Әлiбек, «Әуезов үйi» ғылыми-мәдени орталығының ғылыми қызметкерi Рафат Әбдiқұлов өз ойларын былайша өрбiткен едi.

Токтар Әлібек, филология ғылымдарының кандидаты:
– Жалпы, кейінгі кезде ұлы тұлғалар туралы көреғар пікірлер пайда болды. Әсіресе Жамбыл Жабаевқа, оның өлеңдеріне байланысты, «ол өзі жырламаған, біреулер жазып берген» деген секілді дақпырт көп. Меніңше, бұл – Жамбылдың мұраларын, қазақ әдебиетін білмейтін адамдардың таратып жүргені. Себебі қалай айтсаңыз да, Кеңес дәуірі – үлкен дәуір. Оны біз тарихтан сызып тастай алмаймыз, жоққа шығара алмаймыз. Мысалы, соның ішінде көптеген ақындар болды, халық ақындары қай кезеңде де қоғамнан тыс қала алмады. Кеңестік кезеңде, сол кезеңнің саясатын, идеологиясын, Ленинді, Сталинді жырламаған ақын жоқтың қасы, ендеше ондай өнерпазды табу да қиын. Мәселен, «Свобода слова» газетінің редакторы Гүлжан Ергалиеваның екесі – айтулы ақын Хамит Ергалиев. Ол туралы Кеңес кезеңін, Ленинді жырламады деп айту қиын. Алайда ақынның қызы өз газетінде «Жамбыл ақынның жырларын өзге біреулер жазып берген», «тапсырыспен жазды» дегеніне

болған әйгілі айтысын алайық. Сондай-ақ азулы ақын Сарыбаспен айтысы 1895 жылы болған, оның да хатқа түскен бірнеше нұсқасымен таныстық. Олар туралы жазылған мақалалар бар. Шашубаймен айтысы 1909 жылы Алматыда өткен. Жамбылдың Кеңес дәуірінен бұрын да ірі тұлғалармен бірге жүргені, Жетісудың батыр, билерімен, Тезек төре, қырғыздың батыры Шабден, Ноғайбай, Құдайбергелердің жанында өлең айтқаны, жырларын, дастандарын шығарғаны белгілі. Біз кезінде бір ақынды «байды жақтады», бір ақынды «кедейді жақтады» деп таптық тұрғыдан қарадық. Шын мәнінде олай емес.

Өз елінің, өз жерінің, өз руының жоғын жоқтаған Жамбыл Құлмамбетпен айтқанда өз руының, Шашубаймен айтқанда бүкіл Жетісудың, қырғыз ақындарымен айтқанда бүкіл қазақтың атынан сөз айтып, солардың мүддесін көздеді, дәріптеді. Олай болса, мұндай деңгейлі ақынды «Ленинді, Сталинді мақтады» деп жата қалып табалаудың реті жоқ. Мақтасын, мадақтасын. Өйткені ол да қоғаммен тыс өмір сүріп жатқан ештеңесі жоқ қой. Ал кеңестік саясат ақындарды Кеңес өкіметін мақтауға мәжбүрледі. Сондықтан бәрі де мұндай бастамадан тыс қалмады. Бүгінде «Совет өкіметін мақтаған» деп ақындарды жоққа шығара берсек, кіміміз қалады? Совет өкіметі Жамбыл атамызды үлкен мінберлерге алып барды, сол үшін айтқандарын жазатын хатшы берді. Рас, Жәкеннің білімі төмен болғанмен, көкірегі ояу еді. Ол саясаттың тереңіне бойлап барған жоқ. Сондықтан оған арнайы адамдар бағыт-бағдар сілтеді. Өлеңдерін газетке шығарғанда да редакциялық заңдылық бойынша өңдеді. Бұдан «Жабаевтың жырларын хатшылары жазып берді» деу – мүлдем теріс түсінік. Себебі Жамбыл олардан өлең сұрайтын адам емес! Егер Жәкен ақындықтан ада не танылмаған жан болса, ол туралы бейталап дегендей пікірдің қисыны келер. Бірақ мына мақала «Свобода слова» қатты қателесіп, мүмкін қателескісі келіп отыр.

Рафат Әбдіқұлов, жамбылтанушы:
– «Свобода слова» газетінде жарық көрген Жамбылға, Қарасай батырға қатысты мақалаларды да, кейінгі жарияланымдарды да оқыдық. Бірнеше қазақ газеті жауап материалдар берді, олардың авторларының ішінде атақты ақын жазушылар, ауыз әдебиетін де, жаба әдебиетті де жетік білетін ғалымдар бар. «Свобода слова» газетінің бетінде мамандығы құрылысшы Серіктес Токқұлов есімді азаматтың мақаласы шықты, жақсы уәждер айтылған. «Свобода слова» газеті бұл тақырыпқа бірнеше мәрте оралды, сұрау салып, айғай салып, ірілі-ұсақты тағы да мақалалар шығарды. Олардың ішінде газет бетіне мақала да беруге жатпайтын өте ұят мәселелер де кездеседі. «Свобода слова» газеті ұйымдастырған Жамбыл туралы мақала тарихи шындыққа керемет жаны ашығандықтан жазылып отыр деуге келмейді. Бұл жерде ұсақ пендешіліктің нышаны көзге ұрып тұр. «Свобода слова» газетіндегі осы тақырыпқа жазылған мақалаларда бірнеше рет Олжас Сүлейменовтің атына сілтеме жасалған. Біздің студент кезімізде «Аз и Я» кітабы жарыққа шыққан. Оны әрен дегенде сонау Атыраудағы курстас жолдасымыздың аулынан алдырып оқығанбыз. Сол кітаптың басында Олжастың «для благонамеренного читателя» дейтін сөзі бар болатын, сол кезде қатты ойланым ем,

өткен сұхбат есімде қалыпты. Журналист қайта-қайта бұрып әкеліп, айтулы балалар ақыны, әкесі Сергей Михалковтың Кеңестік кезеңде жақсы өмір сүргенін Никитаның алдына таңа берді, Сталинмен жақсы қатынаста болғанын айта берді. Сондағы кіші Михалковтың журналиске айтқаны:
— Сіз білесіз бе, Сталин жөнінде ең жақсы өлеңді кім жазды? Журналисте жауап жоқ. Никита Михалков сөзін жалғап әкетіп былай деді:
— Білмесеңіз айтайын. Сталин жайлы ең көркем өлеңді Пастернак жазды.

... Енді Жамбыл шығармашылығына сталиндік тақырыптың қалай енгені туралы. 1936 жылы Жазушылар одағының үлкен жиынында қазақ ақындарына Сталинді жырлауды міндет ету мәселесі көтерілген және осы жиналыс қаулысының бір пунктінде нақ Жамбылға Сталинді жырлаудың жайы арнайы көрсетілген. Сол кездегі Жазушылар одағы төрағасының қолы қойылған бұл құжат мұрағатта сақтаулы. Сондай-ақ президенттік мұрағат қорындағы бір құжатта Жамбылға «сталиндік тақырыптың» қалай үйретілгені жайлы үлкен материалдар бар. Жоғары шенділер, атақты адамдар Жамбыл аулына кесте бойынша кезек-кезек келіп, оған Сталин туралы дәріс оқыған. Тіпті Жәкене қандай кітап оқыту керек, қандай кино қарату керек деген мәселе бойынша бағдарлама жасақталған. Жамбыл болса, орысша білмейді, газет-журнал оқи алмайды ғой.

Бұл ретте Жамбылға түрлі дәрежедегі лауазым өкілдері келіп, «Жәке, Сталин – мынадай адам, Ворошилов деген – мынадай-мынадай. Сіз олар жайлы былай жырлауыңыз керек» деп, тапсырыспен жырлатқан. Осы кезді есіне ала отырып, 80-жылдардың ішінде Жамбылдың жақын келіні Қантай есімді апамыздың мынадай әңгіме айтты бергені бар:

— 1938-1945 жылдары Жамбылдың ауылына барып, үйіне қонақ болған адамдарға күтуші сияқты көп қызмет істегем. Со кезде күтпеген жерден дүр етіп есік алдына машина тоқтай қалатын да, алматылық өкілдер қаптап кететін. Жәкенмен аман-даса салып, о кісіні «мынадай-мынадайды айтыңыз» деп қинай бастайтын еді. Сонда Жәкеннің айтқан мына сөзі әлі есімде: «Өй, сендер, мені неге зорлайсындар, сендер менің өз айтқанымды жазып алмайсындар ма?»

Жамбылдың Сталин тақырыбындағы өлеңдері өзіннің көзі тірісінде жарыққа шықты да, олар кейінгі жинақтарының барлығында басыла берді. Өзінің тиісті ғылыми тақырыбы бойынша соңғы он шақты жыл ауқымында 32-жылдардан бергі «Социалистік Қазақстан», «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан-саясат» газеттерін прапактап шығуға тура келді. «Правда», «Литературная газета» да қарадық. Осылардан Сталинді дәріптеу қай жылдан басталғаны анық көрінеді. Әдебиетке идеологиялық қысым, меніңше, 1932-1934-жылдары басталған, ал 1936-жылға жақындағанда Сталинді дәріптеу тіптен әсіреленіп кеткен. Ұлы Отан соғысы басталғанда бұл тақырып сәл саябырсығандай көрінгенімен, соғыс біткесін қайтадан күш ала бастаған. Сол газет-журналдарды ақтарған кезде ешқандай сталиншіл деп күдіктенуге болмайтын ақын-жазушылардың, ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің Сталин туралы мақалаларын кездестіргенде таңқаласыз. Ең бір лирик деген ақындардың өзі Сталинге поэма да арнаған, толғаулар да арнаған. Сол кездегі көптеген жазба

беті ашылып, жақсы айтылған. Әрине, «Свобода слова» газетінің журналисі Ғабиденнің мақаласымен таныс болмағаны көрініп тұр. Жамбылдың сталиншіл десек, сол кездегі жазған, еңбек еткен ақын-жазушылардың бәрі сталиншіл болып шығады.

Аудармашы Павел Кузнецов Жамбылға өлең жазып берген деген дәйек ұсынады. Ал Жамбыл шығармаларының орысша аудармаларының көбі қазақша нұсқасымен көркемдік жағынан төмен екені белгілі. Сол себепті «аудармашылар өлең жазып берді деу» еш қисынға келмейді.

Жамбыл шығармалары жайында ең бірінші 1924 жылы Шамғали Сарыбаев жазған. Ол Жамбылдың қандай шығармалар айтатынын, ақындық тұлғасы туралы қысқаша мәліметтер беріп кетті. 1931 жылы Сәкен Сейфуллин «Қазақтың ескі әдеби нұсқалары» деген жинақ шығарды. Онда Жамбыл мен Құлмамбет айтысы берілген. Яғни бұл Жамбылдың әлі идеологиялық орамға алынбаған кезі ғой. осы айтыстың арабша жазылып алынған бірнеше нұсқасы Ғылым академиясының ғылыми кітапханасында жатыр. «Өтеген» жырның бір нұсқасы ұлттық мұрағатта саналауы. Олардың көбісі араб, латын әріптерімен жазылған. Қайдағы бір Шостаковичке, Брусиловскийге сенгенше, соларды саралау керек. Бұл тақырыпта мақала жазғыштар сондай-ақ, ең алдымен, Жамбылдың хатшыларының, аудармашыларының жазғандарын, естеліктерін оқуы керек еді. Біреу айтты екен деп, күллі қазақтың айтулы тұлғасына жала жабуға бола ма? Айтпақшы, Ленинградта туып-өскен Брусиловский соғыс жылдарында Қазақстанға келді. Соғысқа қатысқан жоқ. Нұрғиса Тілендиев, «Жас қазақ» әнінің авторы Рамазан Елебаев сияқты қазақтың біртума дарындары соғысқа аттанғанда Брусиловский соғыс кезінде де жақсы өмір сүрді, «оқ тиіп кетеді» деп уайымдаған жоқ. Ал Жамбылға үй салып беріп, материалдық көмек жасалынғаны кейбір адамдардың көңіліне сыймағаны байқалады. Мұрағатта сақталған хаттарды оқысаңыз, сол кезде белгілі адамдардың Жамбылға жазған қамқорлықты қызғанғанына куә боласыз...

Евгений Брусиловскийдің атын шығарған музыкалық шығармаларының дені қазақтың халық музыкасының негізінде жазылған. Қазақ музыка-танушылары осының бәрін зерттеп, еңбектер жазып жатыр, бірақ солардың біреуінің «Брусиловский – плагиат» деп айтқанын естіген емеспін. Мемлекеттік мұрағатта Брусиловскийдің естеліктері бар, соны оқысаңыз, тек Жамбылға ғана емес, қазақтың басқа да ірі тұлғаларына қатысты өте нашар өсек-аяң, ғайбат сөздерді айтыңқырап жібергені аңдалады. Бірақ Жамбыл Жабаев туралы болсын, халқымыздың өзге де тұлғалары туралы болсын, жүйелі түрде мақала жазуға бекінген адам біржақты кетіп қалмай, жан-жақты ғылыми ізденіс жасағаны жөн. Жамбыл жайлы Ғылым академиясының арнайы жіберуімен 3-4 жылдай Жамбылдың өмірін зерттеумен айналысып, материалдар жазған Сапарғали Бегалиннің еңбектерімен де танысуға болады емес пе?

**Жабал ШОЙЫНБЕТ,
Абай атындағы ҚазҰПУ «Хәкім
Абай» ғылыми-зерттеу орталығының
директоры
Abai.kz**



егіншілігі (floodwater farming/паводковое земледелие – құрғақ және жартылай құрғақ жерлердегі ежелгі егіншілік тәсілі – ред.) мен ирригация жүйелеріне көз тастауды сұрады. Сол жерде бірнеше жыл жүрдік, қорытындысы жарық көрді. Содан 2014-2015 жылдары Ұлыбритания үкіметінің «Ньютон – әл-Фараби» дейтін бастамасы болды.

Сөйтіп біз зерттеуімізді кеңейткіміз келді. Содан бірнеше жыл бұрын Отырарда болғанмын. Археологтармен сөйлескенімде 8-ғасырдағы Араб басқыншылығы мен 13-ғасырдағы Моңғол басқыншылығының әсері жөнінде бұрыннан келе жатқан пікірталас

ылғалдық жоғары болған делінеді – ред.).

Қара түсті бояуға қарасаңыз, 600-900 жылдары және 1400 жылдан кейін Орталық Азияда батыстан жел жиі соғып, ылғал болғанын көресіз. Орта тұсында ақ түсті оң индекс көрсетілген. Яғни бәрі керісінше болған. Осыдан кейін диаграммаға каналдардың қараусыз қалған (диаграммада қара түсті домалақ пен ақ түсті шаршы формасында берілген, Н индексі) уақыты мен Араб және Моңғол шапқыншылықтарын енгіздім. Қара нүктелер мен шаршылардың басқыншылық мерзімімен сәйкес келмейтінін көресіз. Статистика тұрғысынан, олар бір-бірінен бөлек. Одан

ұзаққа созылған. Біздің картамызға қарасаңыз, кейінірек ылғалдық күшейген. Бұл қоғамның гүлденуіне жол ашты. Яғни су тасқыны мен құрғақшылық уақыт өте өзгеріп тұрған.

Біздің зерттеу кең ауқымды күйреудің болғанын жоққа шығармайды. Біз тек тарихқа жаңа өлшем қосып отырмыз. Орталық Азияда, Месопотамияда расымен күйреу болған. Мәселен, Бағдаттың жағдайында (моңғолдардың 1258 жылы Бағдатты торуылдауы – ред.) инфрақұрылымның, су жүйелерінің қасақана бүлінгенін көрсететін айғақтар бар. Бұл соғыс стратегиясының бір бөлігі болған. Бірақ Отырарға келсек, канал

ОТЫРАР ӨРКЕНИЕТІНІҢ КҮЙРЕУІНЕ ШЫҢҒЫС ХАННАН ГӨРІ КЛИМАТ КӨБІРЕК ӘСЕР ЕТТІ

Бір топ шетелдік ғалым Отырар оазисінде геологиялық зерттеу жүргізіп, өзен бойында орналасқан өркениеттердің түбегейлі жойылып кетуіне моңғол шапқыншылығынан гөрі климат көбірек әсер еткен дейді. Мамандар аймақтағы ескі су каналдарын зерттеп, олардың қараусыз қалуы шапқыншылық жылдарымен емес, құрғақшылық кезеңімен сәйкес келеді деген қорытындыға келген. Азаттық зерттеу авторларының бірі – Англиядағы Линкольн университетінің профессоры Марк Маклинмен сөйлесіп, зерттеудің егжей-тегжейін сұрады.

2020 жылдың соңында «Орталық Азияның өзен бойындағы ұмыт болған өркениеттерін гидроморфты қайта бағалау» дейтін 7 беттік ғылыми мақала жарық көрді. Зерттеуді қандай да бір мақаланы жарияламас бұрын тәуелсіз мамандардың тексеруінен өткізетін салмақты журнал жариялады.

«Біздің зерттеуіміз Орталық Азиядағы өзен өркениеттерінің құлдырауы Моңғол шапқыншылығы кезіндегі соғыс пен ирригациялық инфрақұрылымдардың қиратылуы салдарынан болды деген бұрыннан келе жатқан көзқарасқа күмән келтіреді» дейді авторлар.

Жазуына қарағанда, ғалымдар аймақтағы өзен ағысының қалай құбылғанын, ирригация каналдарының қашан қараусыз қалғанын радиометрика құралдарымен өлшеп, өзгерістердің нақты мерзімін анықтаған. Осы ақпаратты климат өзгеруінің ғаламдық деректерімен салыстырған.

Ғалымдардың айтуынша, құрғақ не жартылай құрғақ аймақтың өмірінде ирригация каналдары маңызды рөл атқарған. Сол себепті ондағы өркениеттердің өміршеңдігі осы каналдардың жұмыс істеуімен байланысты болған.

Шетелдік зерттеушілер қараусыз қалған ирригация каналдарынан жеті траншея қазып, астындағы шөгінділердің 20 үлгісін Англиядағы Оксфорд университетінің зертханасына жіберген. Сөйтіп оптикалық стимуляцияланған люминесценция әдісі арқылы алынған үлгілердің уақытын анықтаған.

Аймақтағы ирригация каналдарының қараусыз қалуы жау шапқыншылығынан гөрі климат жайсыз, су тапшы болған кезеңге дәл келеді дейді авторлар.

Зерттеуді Нидерландының Амстердам Еркін университеті, Бельгияның Левен католик университеті, Ұлыбританияның Линкольн, Оксфорд университеттері, Лондонның университеттік колледжі, Жаңа Зеландияның Мэсси университеті, Австралияның Ла Троб университеті және Қазақстандағы География және су қауіпсіздігі институты бірлесіп жүргізген.

Линкольн университетінің өзен жүйелері және ғаламдық өзгеріс жөніндегі еңбек сіңірген профессоры Марк Маклин осы оқу орнындағы Су және Ғаламшар саулығы орталығын басқарады.

Азаттық: Отырар оазисін зерттеуге қалай келдіңіз?

Марк Маклин: Қазақстанда 10 жылдай жұмыс істедім. Алматыдағы әл-Фараби атындағы ұлттық университетпен және География [және су қауіпсіздігі] институтымен әріптеспін. Менен Тянь-Шань тауы Талғар етегіндегі ежелгі тасқын су

барын байқадым.

Ол жерде археология жұмыстары жүргізілген, бірақ ешкім канал жүйелерінің мерзімін анықтамаған. Ал ол өте маңызды. Өйткені су болмаса, егін сала алмайсың. Егін болмаса, кетуің керек.

Лондонның университеттік колледжі археология жөніндегі әріптестеріміздің бірі болатын. Солармен және Қазақстандағы археология орталықтарымен бірге Отырарға барып, ескі каналдардың бір жағынан екіншісіне дейін траншеялар қаздық. Каналдардың қашан қараусыз қалғанын анықтау үшін шөгінділердің мерзімін анықтайтын бірнеше тәсіл қолдандық.

Сонымен қатар Отырар оазисіне су жеткізетін Бадам, Арыс өзендерінде егжей-тегжейлі жұмыс істедік. Сөйтіп өзендер тарихындағы су тасқыны мен құрғақшылық болған кезеңдерге үңіліп, су ағысының қай кезде жоғары, қай кезде төмен болғанын білдік. Бұл ақпаратты Арал теңізіндегі климат деректерімен қиыстырдық.

Біз сондай-ақ каналдардың қашан қараусыз қалғанын анықтай алдық. Сөйтіп каналдардың қараусыз қалған мерзімі басқыншылықтар емес, ұзақмерзімді құрғақшылық мерзімімен сәйкес келетінін аңғардық. Бұл таңғаларлық жаңалық болды.

Бұл моңғолдардың Орталық Азияға қалай әсер еткенін көрсетеді. Әрине, Бағдат сияқты жерлерге апат ала келген. Ал Отырарға келсек, сірә біз күйреудің ауқымын, қанша кісі қаза болғанын біле қоймаспыз. Дегенмен қала мен канал инфрақұрылымы жұрт ойлағандай жойылып кетердей қирамаған көрінеді.

Өзен бойындағы өркениеттердің гүлденуі мен құлдырауын зерттегенде ирригация жүйелерінің маңызы өте зор. Ирригация су ағысы мен климатқа байланысты. Біздің байқағанымыз – 12 және 13-ғасырларда, әсіресе 14-ғасырда Орталық Азияда елеулі құрғақшылық кезеңдері болған. Олардың ықпалы басқыншылық пен соғыстықпен асып түспесе кем түспейді. Бұл климаттық детерминизм емес. Мұны тарихқа зерделенген көзқарас деген дұрыс шығар. Бұл көбіне экологиялық реализмге ұқсайды. Өйткені климаттың өзгеруі, климаттық кризис, су тасқыны, құрғақшылық қоғам өміріне ықпал етпей қоймайды. Шамасы индустриялануға дейінгі қоғамда бұл ықпал қаттырақ болса керек.

[Зерттеу] Орталық Азия тарихын кеңейтіп отыр. Әрине не болғанын ешқашан анық біле алмаймыз. Бірақ өзендер мен шөгінділер алдамайды. Біз бар болғаны деректі түсіндіріп қана отырмыз.

Біз басында каналдардың қараусыз қалуы Моңғол және Араб шапқыншылығымен сәйкес келер деп ойлағанбыз. Бірақ олай болмай шықты.

Азаттық: Осы қорытындыға қалай келгеніңіз есіңізде ме?

Марк Маклин: Зерттеудегі 4-сурет компьютеріңізде болса, соның негізінде түсіндірейін. F – Солтүстік Атлант осцилляциясы индексі. Ол Орталық Азияға Батыстан соғатын жел мен дауылдың қалай әсер еткенін білдіреді. Атлант мұхитынан, Жерорта теңізі мен Каспий теңізінен соққан батыс желі осы аймаққа ылғалдық әкелген (зерттеуде индекс теріс болса,

кейін ылғалдық индексіне зер салдым. Сөйтіп каналдардың 11-ғасырда, тіпті 12-ғасырдың басында қараусыз қалуы ірі құрғақшылық кезеңдерімен сәйкес келетінін көрдім. Каналдардың қараусыз қалуы Арал теңізінің тұздануымен (В индексі) және Орталық Азиядағы ылғалдық индексінің төмендеуімен (D индексі) де тұспа-тұс келіп тұр. Сол жақ шетке ойыссаңыз, Арал теңізіндегі су деңгейінің (А индексі) төмен болғанын көресіз.

Осының бәрін біріктіргенде, Моңғол және Араб басқыншылықтарының каналдардың қараусыз қалуымен сәйкес келмейтінін көрдім. Мұны аңғаруға бірнеше күн кетті.

Азаттық: Яғни климат қолайлы болса, Моңғол шапқыншылығы жойқын болса да, өзен бойындағы елді мекендер қалпына келер еді. Орталық Азия қалаларының Араб басқыншылығынан кейін қалпына келе алуы жайлы климаттың арқасы. Сіздің айтып отырғаныңыз осы ғой?

Марк Маклин: Дәл солай. Мен тарихшы не археолог емеспін. Мен бар болғаны климат өзгеруінің өзен жүйелеріне ықпалын зерттейтін өзен ғалымымын. Араб басқыншылығына үңілсек, инфрақұрылымның дереу қалпына келгенін көреміз. Ал Моңғол шапқыншылығына дейінгі және одан кейінгі жүз жылда құрғақшылық болған.

Азаттық: Сіздер зерттеген ирригация жүйелері қандай еді? Күрделі ме, қарапайым ба?

Марк Маклин: Астына бетон төселмеді демесеңіз, олар расымен күрделі болған және 200 шаршы шақырымды қамтыған. Оларды аса үлкен сақтықпен салған.

Біз ирригация жүйелерінің қараусыз қалып, құлдырауын әңгімелеп отырмыз. Егер мәселені төңкеріп қарайтын болсақ, біз ирригация жүйесіне негізделген ауыл шаруашылығын көреміз. Отырар секілді жерлерде бұл жүйелер 2 мың, тіпті 2,5 мың жыл қызмет еткен. Назарымызды каналдардың қашан тоқтағанына емес, жергілікті халықтың жерін қалайша сәтті суарғанына бұруымыз керек. Оларды бұл үшін мадақтауға да болады. Шамамен Ресей империясы келгенде, кейінірек Совет одағы кезінде коммерциялық ауыл шаруашылығына ойысу байқалды. Бірақ олар әлдеқайда тұрақсыз болды. Оның қасында қазіргі заманға дейінгі қоғамның ирригация жүйелерін мыңдаған жыл сәтті пайдалануы таңғаларлық.

Азаттық: Егер біз Отырардағы өзен елді мекендері күрделі каналдар сала алған десек, басқыншылық болмаса бұл қоғамдар құрғақшылыққа бейімделіп үлгерер ме еді деп айта аламыз ба?

Марк Маклин: Бұл өте маңызды сұрақ. Соғыстар құрғақшылық пен су тасқыны секілді климат проблемаларымен тұспа-тұс келгенде қоғамның қалпына келуі ұзаққа созылатыны белгілі. Интеллигенция өкілдері, инженерлер, ғалымдар өлтірілген не қамалған болуы да мүмкін. Әрине, мұның бәрі менің қиялым ғана. Өйткені біз анығын біле алмаймыз.

Бірақ ирригацияға негізделген бұл қоғамдар мыңдаған жыл өмір сүрді. Бұл қала-мемлекеттер көшпелі халықтармен үйлесімді тіршілік етті.

Отырар Әмір Темір үшін бас қалалардың бірі болған. Демек, ол қалпына келген. Бірақ қалпына келу

жүйелері әдейі жойылғанға ұқсамайды. Қазір оның дәлелін көріп тұрғанымыз жоқ.

Азаттық: Осы күнге дейін тарихшылар өткенді зерделеуде патшалар мен соғыстарға сүйенді. Бірақ сіздер келтірген дәйектерге қарағанда, кейде климат факторы да рөл атқарған. Тіпті климат өзгеріп, ресурс тарылуының өзі соғысқа түрткі болуы мүмкін. Бірақ қандай да бір өркениет соғыс салдарынан жойылған деп саналып келіп, ақыр соңында жойылуға климат әсер еткені дәлелденген өзге мысалдар бар ма?

Марк Маклин: Шамамен кейінгі 10 жылда экологиялық тарих деген бір бағыт дамып келеді. Тарихшылар мен жеңе менің әріптестерім әзірлейтін климат, ауа райы, су тасқыны деректерін есепке алып, тарихты қайта қарап жатыр. Әлем тарихы тұрғысынан ұлы тұлғалардың ықпалын жоққа шығара алмаймыз. Бірақ ұзақмерзімді ықпал тұрғысынан қарап болсақ, басқа да факторлардың бары анық. Біздің жағдайымызда өзеннен алынған деректер мен климат деректері климаттың өзгеруі мен құрғақшылық маңызды рөл атқарғанын көрсетіп отыр. Егер қандай да бір жерде қараусыз қалған каналдар болса, біздің осы гипотезамызды сынап көруге болады.

Әрине, тұтас бір өркениеттің жойылуына жалғыз тұлға, жалғыз соғыс әсер еткен жағдайлар да табылар. Біз оған 20-ғасырда да куә болдық. Бірақ себеп-салдарлық байланыс тұрғысынан едәуір күрделі, көпқырлы жағдайлардың да табылатыны анық.

Біз жай ғана сәйкестік туралы айтып отырмыз. Құдайға шүкір, 1219 жылы сіз де, мен де Отырарда болған жоқпыз. Біз іс жүзінде не болғанын білмейміз. Біз осы Отырардағы зерттеуімізді кеңейтіп, өзге өзендерді де зерттегіміз келеді. Өйткені олар сауда, көлік қатынасы, елді мекен құру үшін маңызды болды. Су болмаса, экономикаға негіз жоқ. Халықты асырай алмайсыз, мал ұстай алмайсыз.

Азаттық: Қазақстанның өзге елдерден бастау алатын өзендерге тәуелді ел екенін білесіз. Елдегі өзендердің қазіргі ахуалы туралы не айтасыз?

Марк Маклин: Сірә, тарих ешқашан қайталанбас, бірақ одан сабақ алуға болады. Қазақстандағы зерттеу кезінде өзендердің қазіргі жағдайын да зерделедік. Су ағысының азайып бара жатқаны анық. Мұздықтар тарылып, қардың еруі азайып жатыр. Мұның бәрі климаттың өзгеруіне байланысты. Оның үстіне қазір суға деген сұраныс бұрынғыдан едәуір жоғары. Су қоймалары салынып, өзен ағысы бақылауға алынды.

Қазақстан су мәселесіне аса үлкен сақтықпен, парасаттылықпен қарауы тиіс. Өйткені өзендеріңіздің біршамасы трансшекаралық. Көріп отырмын тіл табысып, судың бөлінуін қамтамасыз ету керек. Мен секілді шағын аралда тұратын адам үшін айтуға оңай болар. Дегенмен саясаткерлер, экология мамандары, тіпті археологтар мен тарихшылар, жергілікті қауымдар бірлесе жұмыс істеп, барлығы үшін әділетті болатын шешімге келуі керек.

Азаттық: Әңгімеңізге рақмет.

Дархан ӨМІРБЕК



едік.

Мұндай сәтсіздіктер мен шалағайлықтар ашығын айтқанда, науқандық аурудан тарап жатыр. Қандай да тұлғаға оның мерекелік датасы жақындағанда ескерткіш орнату керек деп жанталасамыз да, содан келіп, әлгіндей қолайсыздыққа ұшыраймыз. Ал, дұрысы, қандай да бір ескерткіш орнатуға арнайы шығармашылық конкурс жариялануы қажет. Сол ескерткіштің болашақ нобайы мамандардың қатаң сүзгісінен өтіп, содан соң ғана рұқсат етілуі керек. Әйтпесе, тіршілігіміздің өзге де салаларындағыдай, мұнда да тамыр-таныстық пен жең ұшынан жалғасу

тартымдылығымен ерекшелінеді.

Жақында ол өз инстаграмында Абайдың жаңа мүсінін жарияланып, оқырмандарды бір сүйсіндірді.

Мұнда Абай хакім бейне бір тіріліп келгендей, өзі сағынып қалған оқырмандармен тілдесуге асығып, көпшіліктің көкейінде жүрген жайттарды мұқият тыңдағысы келген ниетпен, үйіне шақырғандай әсер қалдырады. Шынайылығы соншалықты, жанына барып, «Ассалаумағалайкум, Абай аға!», - деп сәлем бергің келетіндей...

- Мен бұл образды жасауға төрт ай жұмсадым. Шеберханамда талай ұйқысыз түндер өткіздім. Алайда нәтижесі оған тұрарлық деген ойдамын.

ЕСКЕРТКІШ ҚОЮ НАУҚАНДЫҚ ШАРАҒА АЙНАЛЫП БАРАДЫ

Ескерткіштер ел тарихын бейнелеумен қатар, сол қойылған қала мен ауылға ерекше көрік беріп тұратын сәулет өнері десек, қателесе қоймаспыз. Алайда біз осы кейінгі кездері тәуелсіздік дегенді тек жаппай ескерткіш орната беру деген шолақ ойдан арыла алмай жүргендейміз. Әрине, орнымен, сол тарихи тұлғаның образын толық ашатын бейнелерге еш қарсылығымыз жоқ. Алайда біздегі ескерткіш қоюдағы бір сарындылық пен бірін-бірі қайталаушылық бұл бастамалардың құнын түсіріп бара жатқан секілді.

Мәселен, халқымыздың басына қиын заман туғанда, оны ата жаудан қорғап, асқан ерлік көрсеткен дулығалы батырлардың ескерткіштеріне көз салып байқаңызшы. Егіз қозыдай, бір-бірінен еш аумайды. Астында аты, қолында найзасы, басында дулығасы. Бітті. Ескерткіш авторының барлық фантазиясы осымен ғана шектеледі. Өзгеше бір,

қалың жұртты «ғажап екен», деп бас шайқамаса да, өзіндік жаңаша сәулеттік шешімімен елең еткізетіндері ілуде біреу я болмаса жоқ.

Ал, ең сорақысы, кейбір ескерткіштер белгілі бір датаға лайықталып, асығыс-үсігіс жасалады да, көпшіліктің ойынан шықпақ түгілі, оны жұртқа көрсетуге ұялатындай жағдайға жетеді. Кезінде Семей қаласында Абай мен Михаэлиске деп орнатылған ескерткішсымақ ұлы Абайды ергежейлі етіп, оны Михаэлиске қарап, бірдеңе күткендей хәлге жеткізуі мадақ емес, мазақ деп ұқтық. Ол сондықтан да қалың жұрттың ашу-ызасын туғызды. Ақыры, әкімдіктің шешімімен сыбысыз да сәтсіз ескерткіш бір тәулікке жетер-жетпес уақытта алынып тасталып, бір абыройсыздықтан аман қалдық. Бұның сыртында анау Нұр-Сұлтан қаласындағы суықтан сақтанғандай, шапанына оранып тұрған Абайды да сәтті шықты деп айта алмас

секілді жаман әдеттің белең алып кетері сөзсіз. Мүмкін, біздің айтып отырған жайымыз да осы тереңдеп кеткен аурудың бір көрінісі болар. Әйтпесе, біз қандай да бір ескерткіштің авторы кім екенін, оның бұрын қандай бейнелерді дүниеге келтіріп, қандай биікке көтерілгендігі жайлы ақпараттан неге мүлдем хабарсызбыз? Жұрттың бәрі бірдей Хәкімжан Наурызбаев емес қой, атының өзі-ақ шынайы шығармаға кепілдік беретін...

Ал іздесе, шын көңілмен жақсы ескерткіш қояйық деп ниеттенсе, құдайға шүкір, елімізде шын таланттар жетіп артылады. Мәселен, өткенде баспасөз бетінен сәулетші-гиперреалист Айдос Есмағамбетов жайлы материалды оқып, іздегенімізді тапқандай болып, сүйсініп қалдық. Оның жасаған мүсіндері аса бір шынайылығымен, өмірге деген жаңаша көзқарасымен, жүрекке жылы тиетіндей

Гиперреализмде барлық дүниелерді өте дәл берілуі керек. Ұлы ақынның бізге тек екі ғана суреті жетті. Оның бірі - ақынның өз балаларымен бірге түскен суреті екен. Мен осыны негізге алдым. Бұл жұмысымды мен Абайдың 175 жылдық мерекесіне арнаған едім, - деп ағынан жарылады жас талант.

Міне, жаңа образдарды іздеуде неге осы Айдос секілді талантты жастардың шеберлігін шындалуға көмектеспеске? Осындай жастардың арасынан ғана жаңаша ойлай білетін, Ұлы Абай секілді тұлғаларға өзгеше мән-мағына беретіндерінің кездесетіндігі сөзсіз. Соларға арнайы тапсырма беріп, шеберлік сынынан өткізіп, өнер таразысына тартсақ, былайғы жұртқа ұялмай-ақ көрсететіндей туындылардың дүниеге келері анық.

Жайберген БОЛАТОВ
Abai.kz

БҮГІНГІ ЖЕМҚОРЛЫҚ ПЕН ПАРАҚОРЛЫҚ, АШКӨЗДІК ПЕН ТОЙЫМСЫЗДЫҚ, НАДАНДЫҚ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗДЕН ТАМЫР АЛАДЫ



Қазақтың болмысы мен тек қорын өзгертіп, жадысы мен бойына сіңіп кеткен ашаршылықтың қасіретін саясиландырмау үшін, бұл мәселені тәуелсіздіктің басы мен 30 жылдығында ғана көтермеу керек еді. Осы аралықта ашаршылықтың тарихын не қажет етпеді, не көңіл аудармады, не зерттеуге мүмкіндік жасамады. Ал енді келіп, сабыр сақтап, саясиландырмайық дейді.

Солақай саясаттың салдарынан ашыққан қазақ ата жерінен ауа көшіп, Қытай, Түрікменстан, Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан жерлерінде панасыз бен қорғансыз босқынның күнін көрді. Бас сауғалап қашқан қазақты шекарада кордон қойып, ОГПУ мен НКВД, Қызыл әскердің отрядтары аяусыз қырып, бүкіл мал-мүлкін тартып алды. Көрші елдерде де бұларға тыным болған жоқ, көрші республикалардың басшылары қазақтың малын тартып алып, сол арқылы ет салғыртын төлеп, өздерін теңіретіп жіберді. Қазақ өз жерінде

де, көрші бауырластардың жерінде де, Батыс Сібірде де ешкімге керек болмай қалды. Аш-жалаңаш қазақты ит пен малға теңеп, жұмысқа да алмады, бір үзім нан да бермеді. Қазақтарды ұры, жалқау деп, әлеуметтің ең төменгі сатысына жатқызып, әбден қорлады. Өліп жатқан қазақты санауды да қойған, оларды ешкім көмген де жоқ. Аштан бұралған, әбден әлсіреп қажыған қазақ өз бауырын жер қойнауына тапсыруға күші де болмады.

Тек 1932 жылы ғана Қазақстанда панасыз қалған балалардың саны 80 мыңнан асты. Бұл балалар үшін арнайы үйлер құрғанымен, оларға азық берілмеді. Кішкентай балалар сол жерде аштан бұралып, қырылып жатты. Ашаршылық ең алдымен осы балалар мен жасы келген қарияларға ауыр тиді. Бұлардың арасында ашаршылықтан аман қалғандары өте аз.

Ашаршылық тарихын зерттеген шетел тарихшылардың барлығы да 90 жыл бұрынғы Үлкен ашаршылық қазақтың дәстүрлі шаруашылығы мен қоғамын ғана жойып қоймай, оның болмысы мен мінез-құлқын толықтай өзгертіп жіберіп, оны моғам «кеңестік ұлтқа» айналдырды деген пікірге келген. Осыдан кейін қазақ инерциямен бас көтерсе де, бұрынғы қауыры да, қайсар мінезі де аз қалды. Ашаршылық қазақ халқының психикасын өзгертіп, қасірет пен нәубет жылдарындағы қорқыныш пен үрей, шарасыздық пен түңілушілік сияқты кері тұстар біртіндеп жады мен бойға сіңе бастады.

Бүгінгі қазақ қоғамының дертіне айналған жемқорлық пен парақорлық, ашкөздік пен тойымсыздық, көргенсіздік пен немкеттілік, надандық пен көңілсіздік, шарасыздық пен бойсұнышылық сол

кезден тамыр алады.

Тіпті 1931-1933 жылдары қайта ораламын деген қазақты біздің сол кездегі билік қабылдағысы келмеді. Көршілер мәжбүрленген соң ғана, амалсыздан жер жерге өкілетті адамдарын жіберіп, елге оралындар деп үгіт-насихат жүргізіп, жарылқаймыз деп өтірік ұран тастады. Үстіндегі жыртқық-жамау киімінен басқа түгі жоқ, темір жол бекеттеріне жиналған қазақты билік тағы да алдады. Апталап эшелон күткен қазақ сол жерде жүздеп өліп жатты.

Состав келгеннің өзінде жолға азық, тіпті су да бермеді. Ал жіберсе, астыққа құм араластырып, көмек көрсеткендей болды. Ол аз болса, арасында антикестік элементтер бар деп, бірнеше күн шекарада ұстады. Азықсыз тексеруді күткен қазақ тағы қырылды. Осындай ауыртпалықтан өтіп елге оралған қазақты тағы да ешкімге керек етпеді. Оларды өз ата жері мен туған ауылдарына емес, шекарадан шалғай жерлерге ішкі далалы өңірлерге апарып колхоз етіп орналастырмақшы болды. Кейін Қытайдан 100 мың бас мал сатып алып, мал шаруашылығын көтермекші болды. Соны қалпына келтіруге кеңес өкіметінің 30 жылы кетті. Қазақ жылқысы, қазақ қойы, қазақ тазысы деген сол кезде құрып біткен. Өйткені 1928-1932 жылдары Қазақстанда бүкіл мал басының 90 пайызы жойылған. Ал қалаларда және кәсіпорын орталықтарында мысық пен ит қалмаған кез еді.

Қазақтың бұл қасіретті тарихы әлі де жүйелі түрде зерттелмей келе жатыр. Оның ашылар тұстары мен қырлары өте көп. Мұны зерттегенде де, тек тарихшылардың мойнына іле

салуга болмайды. Бұл кешенді салалы ғылыми зерттеуді қажет етеді. Өйткені ашаршылық қазақтың да, оның басты азық көзі - малының да тек қорын тұтастай өзгертіп жіберген.

Бұл зерттеу бір жылдың да, не бір зерттеу институтының да көтеретін жүгі емес. Әуақты сыйлаймыз десек, ашаршылық құрбандарын еске аламыз десек, науқаншылдықты қойып, бұл нәубетті жоспарлы, сатылы, кезең-кезеңмен зерттеуіміз керек.

Ашаршылықпен айналысатын мамандардың есімдері белгілі. Ашаршылықтың тарихын аша алатын сол кеңестік кезеңнің мамандары да белгілі. Біздің елде тарихты жаза алатын кәсіби маман көп емес. Ашаршылықтың тарихына келергі мен тосқауыл болып тұрған нәрселердің барлығы да белгілі. Біздің архивтерде құжаттар жетіп артылады, ашаршылықтың тарихын жазып шығамын деген адамға. Бұл байқұс архивтердің жағдайы да белгілі. Тыын үшін зерттеумен айналысып жүрген тарихшы-ғалымдардың жағдайы да белгілі. Еш құпия емес.

Осы мәселелердің шешімін тапқанда, біз, ел ішіндегі және сырттағы қазақтарға, көпшілік жұртқа ХХ ғасырда қазақтың басынан өткен ең қасіретті тарихты көптомды ғылыми туынды ретінде ұсына аламыз. Бұл тарихтың қазақ үшін ең бастысы - тағылым алу және оны болашақта болдыртпау. Олай істей алмай ма қазіргі билік, онда жұрттың басын қатырмай, шулатпай, ұрандатпай, қоя салу керек.

Алмас ЖҮНІСБАЙ



ШЫМКЕНТТІК 41 ОҚУШЫ «ЕЛБАСЫ МЕДАЛІ» ИЕГЕРІ АТАНДЫ

41 оқушыға Елбасының марапатын Білім басқармасының басшысы Жанат Тәжиева табыстады.

Шымкенттік 41 оқушы Елбасының төсбелгісімен марапатталды, деп хабарлайды ARDAK.KZ. Шымкент қалалық «Дарын» орталығы 41 оқушыны Елбасының төсбелгісімен марапаттады. Жоба ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының «El Umiti» бастамасы аясында әзірленді.

Қаланың парасатты жастарын Шымкент қаласының бірінші орынбасары Шыңғыс Мұқан онлайн режимде құттықтады. Қала бойынша жалпы 131 озат оқушыны марапаттау жоспарланған. Желтоқсан айында қала әкімі Мұрат Әйтенов алғашқы 10 оқушыны аталған медальмен марапаттаған болатын.

Бүгін үздік деп табылған 41 оқушыға Елбасының марапатын Білім басқармасының басшысы Жанат Тәжиева табыстады.

Жанат Арысбекқызының айтуынша, орталықтың басты мақсаты озат оқушыларды жасына, тұрғылықты жеріне қарамастан білім беру, шығармашылық, мәдени және өзге де қабілеттері мен дарынын кеңейту үшін жағдай жасау.

Аталған бағдарлама жастарды негізгі 7 бағытта дамытуға септеседі. Олар: спорт, дарындылық пен дағдыны дамыту, кітап оқу, волонтерлік, ұлттық мұра, туристік және жұмыс тәжірибесі.

Айта кетейік, «Дарын» орталығы 2020 жылы қала басшысы Мұрат Әйтеновтің қаулысымен ашылған.

Шымкенттің білімді жастарын қолдауға бағытталған жоба 14 пен 29 жас аралығындағы балалар мен жастарға арналған. Онда қола, күміс және алтын медаль белгіленген. Қола 14 жастан, күміс 15, ал алтын төсбелгі 16 жастан бастап беріледі.



ШЫМКЕНТТІК ДӘРІГЕР 3 МЫҢҒА ЖУЫҚ АНАНЫ БОСАНДЫРҒАН

Шымкенттегі қалалық перзентханада жыл басынан бері 1837 сәби дүниеге есігін ашқан. Оның ішінде 941 ұл болса, 896 қыз баласы. Ана мен баланың өмірі үшін күресте өзін ұмытып, өзгелерге қуаныш сыйлаушы акушер-гинеколог маманның еңбегі өлшеусіз. Сол нәрселердің өмірге аман-есен келуіне үлес қосқан ақ халатты абзал жандардың бірі Жаркынбек Данияров.

Аналардың алғысына бөленіп жүрген абзал жан – қалада коронавирус инфекциясы өршігін кезде инфекциялық ауруханада ең алғашқылардың бірі болып жүкті әйелге ота жасаған акушер-гинеколог. Қауіпті инфекцияға шалдыққан әйелдің өмірін аман алып қалу үшін білікті маман-

ды жұқпалы аурулар ауруханасына арнайы шақыртқан.

Акушер-гинеколог ауыр жағдайдағы 21 жастағы жүкті келіншекке кесір тілігі арқылы ота жасап, ана мен баланың өмірін аман алып қалған. Ковидке шалдыққан әйел дені сау қыз баласын дүниеге әкелген болатын. Дәрігер індет кезінде қалалық перзентхана жанынан ашылған провизорлық орталықта науқастарға медициналық көмек көрсеткен.

Ана мен баланың денсаулығы басты назарда екенін айтқан дәрігер перзентхана қызметкерлері үшін тәуліктің әр минуты мен сағаты қарбалас сәтпен жалғасатынын атап өтті.

«Адамнан адам шығу әрқашан да оңай емес, бұл өте маңызды әрі қауіпті сәт. Өз жұмысымды сүйіспеншілікпен атқарамын. Сондықтан инфекция өршіген тұста жұмыстан алшақтамай, керісінше тәуліктен, отабасымнан шырақта жүріп жұмыс істедім. Мұны мақтан етпеймін. Бұл менің халық алдындағы міндетім деп білемін»-дейді Ж.Данияров.

Жаркынбек Жакыпбекұлы еңбек жолында 3 мыңға жуық әйелді босандырып, баланың дүниеге есігін ашуға көмектескен. Оның ішінде 1 мыңнан астам ананы кесір тілігі арқылы босандырған.

Шымкент қаласы әкімдігінің
баспасөз қызметі

ШЫМКЕНТТЕ ДЕМЕУШІЛЕР ЕСЕБІНЕН 7 СПОРТ АЛАҢШАСЫ САЛЫНАДЫ

Мемлекет басшысының барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес Шымкент қаласында биыл ауқымды жобалар жүзеге асырылады.

Осы мақсатта 115 замануи спорт алаңы салынады. Спорт алаңдары воркаутпен айналысуға арналған спорттық жабдықтармен және дене жаттығуларына арналған аймақпен жарақтандырылмақ.

Аталған спорт нысандарының жетеуі демеушілер есебінен салынатын болды. Бүгін қала әкімі Мұрат Әйтенов демеуші болып табылатын «ERG Еуразиялық топ» ЖШС-ның өкілімен кездесті. 7 алаңшаның екеуі Қаратау ауданында, бесеуі Абай ауданында орналастырылатын болып келісілді.

Пандемия кезі бізге бейбіт күннің батырларын анықтап көрсетіп берді. Денсаулықты сақтау мен тазалыққа үйретті. Аурудың өршіген тұсында қоғамның белсенділері, халық жанашырлары көмек қолып созып, қажетті аппараттарды алуға көмектесті. Сол сәтте ауырмастан бұрын алдын алу керектігін түсіндірді. Осы тұста Сіздердің спорт алаңшасын салып береміз деген ниеттеріңіз өзгелерге үлгі болып отыр. Қоғамға пайдалы істеріңізді қала тұрғындары ұмытпайды, -



деп Мұрат Әйтенов өзінің алғысын білдірді.

Айта өтсек, 2020 жылдың қорытындысы бойынша қалада дене шынықтырумен және бұқаралық спортпен қамтылған азаматтар саны 324690 адам немесе қала тұрғындарының жалпы санынан 30,6% құрады. Ол 2019 жылға қарағанда 30202 адамға артты. Ал биыл дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылар көрсеткішін 31% ұлғайту жоспарлануда.

Шымкент қаласы әкімдігінің баспасөз
қызметі

НЕЛІКТЕН СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ҚЫЗМЕТТЕРІ ҮШІН БӨЛЕК ТҮБІРТЕКТЕР КЕЛЕ БАСТАДЫ? ЕНДІ БҰЛ ҚЫЗМЕТ БІРЫҢҒАЙ ТӨЛЕМ ҚҰЖАТЫНДА БОЛМАЙ МА?

Тұтынушыларға ыңғайлы болу үшін, олардың уақыты мен ақшасын үнемдеу үшін, эпидемиологиялық қауіп жоғарылаған кезде жол жүруді азайту үшін, кәсіпорын басшылығы электронды түбіртектерді енгізу туралы шешім қабылдады. Бұл төлем құжаттарын (және басқа ақпараттарды, мысалы, ағымдағы баланс, өлшеу құралдарын тексеру және ауыстыру уақыты) Telegram (wrm_bot) және Whatsapp (+77473001212) қосымшаларынан алуға болады.

Компания басшылығы Шымкенттің барлық тұрғындары цифрлық ақпарат құралдарымен жұмыс істеуге дайын емес екенін түсінеді, сондықтан, дайындық түсіндіру жұмыстары мен абоненттік базаны түгендеу жұмыстары жүргізіліп жатыр, оның аясында төлем құжатын қалай алу туралы қосымша келісімдер жасалады. 2021 жылдың қаңтарынан бастап, «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-н абоненттері сумен жабдықтау және кәріз қызметтері үшін, бөлек түбіртектер ала бастады (айпақшы, ол түбіртекте виртуалды көмекшілерді қалай пайдалану жөніндегі нұсқаулығы бар). Абоненттік базаны түгендеу аяқталғаннан кейін және түбіртектерін электронды түрде алғысы келетін абоненттер қатары белгіленгеннен кейін, түбіртектің қағаз түріндегі нұсқасын тек цифрлық тасымалдаушылармен жұмыс істей алмайтын абоненттер алады. Назар аударайық! Виртуалды ассистенттер өте ыңғайлы және функционалды.

Чат-боттарға тіркелу үшін және банктік қосымшалар арқылы төлем жүргізу үшін, сізге жеке-шотыңыздың нөмірін білуіңіз қажет, оны қайдан алуға болады?

Жеке-шот нөмірі сумен жабдықтау және

кәріз қызметтері үшін төлем құжатында (түбіртекте) көрсетілген. Егер сіз жеке-шот нөміріңізді білмесеңіз, бізбен Instagram және Facebook әлеуметтік желілері арқылы, сондай-ақ ватсап нөмірлері: +77057581111, +77019892219 арқылы байланысып, сұрауыңызға болады.

Егер сіз электронды төлемдерді қолданбасаңыз, бірақ сумен жабдықтау және кәріз қызметтері үшін ақшаны қолма-қол төлегіңіз келсе, мұны қайда жасауға болады?

Қазіргі уақытта сумен жабдықтау және кәріз қызметтері үшін төлемді келесі мекен-жайларда орналасқан «Су Ресурстары-Маркетинг» ЖШС кассаларында төлеуге болады:

Орманов көшесі № 17 («СРМ» ЖШС ғимаратының жанында. Касса демалыссыз жеті күн бойы жұмыс істейді);

Токаев көшесі («Энергопоток» ЖШС кассалары);

№1 дилерлік аймақ (3 мк «Баян Сұлу» дүкенінің артында);

№ 3 дилерлік алаң («Солтүстік» шағынауданының аялдамасы)

№ 2 дилерлік сайт (Қайтпас ауылы, «Хайуанаттар бағына» қарама-қарсы)

№ 3 дилерлік аймақ (Ворошиловка ауылы)

№ 8 дилерлік аймақ (Қалдаяқова к-сі, 9)

Дилерлік сайт №9 (Забадам ауылы, Саттарханова к-сі, «СРМ» ЖШС су қабылдағышы)

Мартобе ауылы, Жібек жолы к-сі, № 128

Қайнар Бұлақ, Яблонева к-сі, № 2/14 Керімше к-сі, № 25, 112 квартал.

Төлемді «Қазпочта» бөлімшелерінде және екінші деңгейлі банктерде де жасауға болады.

Меншік иесі- «ДАЙДАНА» ЖШС	Бас редактор НҮРСҰЛТАН ШӘРІПОВ	Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 30.12.1999 жылы тіркеліп, тіркеу куәлігі №1005-Г куәлігі берілген.	«Ар-ДАҚ» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, Жеке кәсіпкер «ЖК Махмудов.К» баспаханасында басылды. Баспахананың мекен-жайы: Шымкент қаласы, Түркістан көшесі,6	Редакцияның мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абдіразақов көшесі, 3ұй
	Бас редактордың орынбасары МОМБЕК ӘБДІӘКІМҰЛЫ	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы үшін редакция жауап бермейді. «Ар-ДАҚ»-та жарияланған мақала көшіріліп басыласа,сілтеме жасалуы міндетті. Кейбір суреттер және материалдар ғаламтордан алынды		ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ 65475
	Жауапты хатшы АЙНҰР ОРАЗОВА			Таралу аймағы - Қазақстан Республикасы ardak.gazeta@mail.ru
			Беттеуші-дизайнер НҮРЗИПА БӘЙТЕНОВА	Таралым: 3000 Тапсырыс: